

## ТІЛ БІЛІМІ

Жолшаева Майра

### Қазақ тіліндегі *жібер* етістігінің валенттілік сипаты жайында

*Жібер* етістігі көмекші етістіктерге қатысты жіктемеде үшінші топқа жатады. Бұл етістік көмекшілік қызметте келгенде лексикалық мағынасын жойып, таза грамматикалық форма қызметін атқарады. Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде *жібер* сөзінің дефиницасы былайша ашылған: «1. Біреуді бір жаққа жөнелту, аттандыру, жұмсау; 2. Босату, қоя беру, ұстап қалмау, тоқтатпау; 3. Басқа етістіктермен тіркесіп, жылдамдық, тездік мән тудырады» деп көрсетілген [1, 4 том, 332 б.]. Мұндағы *жібер* етістігіне қатысты көрсетілген үшінші мағына оның көмекшілік қызметімен байланысты.

Тілдік деректер негізінде *жібер* етістігінің лексикалық мағына құрамында жоғарыда көрсетілген мағыналардан басқа, хабар беру семасының да бар екендігі анықталды: *Ақыры болмаған соң, соңғы амал да қолданылды: станцияға «өрт!» деген сигнал жіберілді* (Ш.Айтматов). Ал көмекшілік қызметте келгенде бұл етістік лексикалық мағынасын толық жояды және жетекші етістікпен тіркесіп, оған қимылдың тез, бірден жасалғандығы мағынасын үстейді. Қимылдың тез, бірден жасалуын білдіру *жібер* сөзінің толық мағыналық етістік қызметінде қолданылғанда білдіретін лексикалық мағынасының құрамында кездеспейді. Дегенмен кейбір қозғалыс етістіктерімен тіркесіп келгенде бірден, тез жасалған әрекетті білдірмейді, лексикалық мағынасының құрамында бар жөнелту, қозғау салу семасын сақтап қалады. Бірақ бұл біріншіден, тілде өте сирек ұшырасады; екіншіден, тездік мәнді білдірмей, нәтижелі қимылды білдіретін мағына үстейді (бұл мәселе қозғалыс етістіктерімен тіркесі туралы айтылған тұста толық қарастырылады).

*Жібер* етістігінің көмекшілік қызметте етістіктің лексика-семантикалық топтарына тіркесімділігіне қатысты жүргізілген эксперимент қорытындысы: біріншіден, информанттардың барлығы да жетекші етістіктің көсемшенің -ып/-іп, -п тұлғасында келетіндігін көрсеткен. Екіншіден, бұл көмекші етістік етістіктің барлық лексика-семантикалық тобымен тіркеспейді. *Жібер* етістіктердің ішінде -ып/-іп, -п тұлғасындағы амал-әрекет етістіктерімен еркін тіркеседі. Енді олардың тіркесімділігіне толығырақ тоқталамыз.

• АМАЛ-ӘРЕКЕТ етістіктерінің семантикалық құрамында амал-әрекетті білдіру, нысанға қатысты қимыл, жасалу темпі бейтарап семалары бар. Бұл топтағы етістіктердің *жібер* етістігімен тіркесуі екі түрлі семаға негізделеді. Біріншісі, амал-әрекет етістіктерінің бойындағы «жасалу темпі бейтарап»

семасы болса, екіншісі «тез жасалатын қимыл» семасы. Кейбір амал-әрекет етістіктерінің мағыналық құрамында «тез жасалатын қимыл» сема болады. Осы семалар арқылы амал-әрекет етістіктері *жібер* етістігімен тіркеседі. Жоғарыда айтып өткендей, *жібер* етістігі көмекшілік қызметте қимылдың жасалу темпіне қатысты тездік мағынаны білдіреді.

*Ат, тарт, лақтыр, қақ, айыр, сілте, теп, үрле, тую* т.б. амал-әрекет етістіктерінің мағыналық құрамында тез, бірден, қарқынмен жасалатын қимылды білдіретін сема болғандықтан олар *жібер* етістігімен еркін тіркесе береді: *Петр Дьяков окоп бойымен жүгіріп келе жатып, торы шолақ аттыны дәл қылышын көтере бергенде а т ы н ж і б е р д і* (Ә.Нұрпейісов); *Құдайменде оны қамшымен қақ бастан т а р т ы н ж і б е р д і* (Ә.Нұрпейісов); *Ақбілек от басындағы тезекті, құраған шөпті дереу тұтатып, ү р л е н ж і б е р д і* (Ж.Аймауытов); *Дереу Нұртазаның жарасына киіз күйдіріп басып, жалпақ белбеуін а й ы р ы н ж і б е р д і* (Ғ.Мүсірепов); *Мюлгаузен трубканы л а қ т ы р ы н ж і б е р д і* (Ә.Нұрпейісов); *Бірақ бұл өзін тоқтатқан жоқ, атын омыраулатып жетіп барды да, жауды оң иықтан ала қылышпен т а р т ы н ж і б е р д і* (Қ.Жұмаділов); *-Асапыралла, не болды саған, балам. Бір нәрсенің салқыны соққан ба өзіңді, - деп ашуланған Сыбан молда Майлыбастың қолын қ а з ы н ж і б е р д і* (С.Адамбеков); *Дос жүгіріп келген бетте Балжанды т ү й і н ж і б е р д і* (Ә.Нұрпейісов).

Амал-әрекет етістіктерінің бір тобы жасалу темпіне қатысты алғанда бейтараптылығымен сипатталады. Яғни мұндай етістіктердің тез де, баяу да жасалуы мүмкін. Мәселен, *таста, тық, итер, уқала, тық, қайыр* т.б. етістіктер мағыналық құрамындағы «жасалу темпі бейтарап» семасы арқылы *жібер* етістігімен тіркесіп, бірден, шұғыл жасалған әрекетті білдіреді: *Содан кейін тіпті әй-шайға қаратпай Кенжекейді есікке сүйреп апарып, бар пәрменімен сыртқа и т е р і н ж і б е р д і* (Ә.Нұрпейісов); *Қасен жуан қамшының сабын Көксеректің көмекейіне т ы з ы н ж і б е р іп, мықтап басып тұрып, жауының тұмсығын жоғары қарай қ а й ы р ы н ж і б е р д і* (М.Әуезов); *ұртына тығып жүрген бір сілекейлі қатты нәрсені әп-сәтте Абайдың көйлегінің омырауын ашып, жалаңаш етіне тигізе т а с т а н ж і б е р д і* (М.Әуезов).

*Жібер* етістігі күшейткіш мәнді *кеп* сөзімен түйдектеліп келгенде, бірден, шұғыл жасалған әрекет мағынасын одан ары баса, айқындай көрсетеді: *... екеуі екі аяқ қолынан ары-бері салмақтап-салмақтап тұрып көлге л а қ т ы р ы н к е п ж і б е р д і* (Д.Исабеков); *Дударбас артына бұрылып, божыны бір қолына жиып, бір қолымен кішкентай қызды бүріп ұстап, арбаның түкпіріне и т е р і н к е п ж і б е р д і* (Ш.Мұртаза); *Бақтыгүл «іздейтінің осы» дегендей, көп ойланбастан, атына жабысқан бойында қаршыға тастайтын аңшыдай қисайыңқырап келіп, боз биенің мойнына қыл арқан бұғалықты т а с т а н к е п ж і б е р д і* (М.Әуезов).

• ЭМОЦИОНАЛДЫ етістіктер адамның эмоциясына қатысты әрекеттерді білдіретіндіктен олардың абстрактылану дәрежесі жоғары болып келеді. Ал қимыл абстрактылану дәрежесі жоғары болған сайын созылықы

келеді. Сол себепті де бұл топтағы етістіктер *жібер* сөзімен тіркеспейді. Бірақ эмоционалды етістіктердің ішінде *жыла*, *күл* сөздері аталған етістікпен байланысқа түсе алады. Себебін бұл сөздердің семантикасына компоненттік талдау жүргізу арқылы айқындаймыз. *Күл-* етістігінің семантикалық құрамы: 1) көңіл-күйге байланысты психологиялық әрекет; 2) эмоция ашық көрінеді; 3) жағымды; 4) актив/пассив сипатта да болуы мүмкін; 5) субъектінің еркімен/еркінен тыс та болуы мүмкін; 6) уақыт ағымындағы жасалу темпі бейтарап (ұзақ/қысқа да болуы мүмкін). Соңғы «қимылдың жасалу темпіне қатысты бейтарап» сема *жібер* етістігімен тіркесуге себепкер. Өйткені бұл сема көмекші етістіктің бойындағы «тез, бірден жасалатын әрекет» семасына қарсы келмейді: *Бөріктері шошайып қаздия-қаздия қалған қазақтар мен башқұрттар естерін енді жинап ду күліп жіберді* (Ә.Кекілбаев); *Мақпал еріксіз күліп жіберді* (Қ.Жұмаділов); *Жылап отырған Зейнеп көзін сүртіп отырған орамалын тез төмен түсірді де, күліп жіберді* (Д.Исабеков). *Жыла-* етістігінің семалық құрамы: 1) адам эмоциясымен байланысты жасалатын әрекет; 2) эмоция ашық көрінеді; 3) актив/пассивтілік сипаты бейтарап; 4) субъектінің еркімен/еркінен тыс та болады; 5) жасалу темпі немесе уақытқа қатысты созылыңқылық дәрежесі бейтарап; 6) жағымды/жағымдылық сипаты эмоцияның пайда болу себебіне қатысты болатындықтан бейтарап. *Жібер* етістігімен «жасалу темпіне қатысты бейтарап» семасы арқылы байланысқа түседі: *Еламан баланы қолына алды: -Құлыным... сорлы балам, - деп ерні дірілдеп тоқтап қалды. Осыдан артық өзін ұстай алмай, өкіріп жылап жіберді* (Ә.Нұрпейісов); *Жақындап барып, «Қазеке, Қазеке», - деймін, «ыстық шай ішесіз бе?» - деймін. Сөйтсем, жүріп кетіпті. Үкібала даусы кілт үзіліп, қызарып, кіртиген көзіне жас үйіріліп, қыстығып жылап жіберді* (Ш.Айтматов); *Кемпір екі жыл бауырына басқан баланы қимай, қоштасар жерде жылап жіберді* (Ә.Нұрпейісов); *- Көке-ау, қандай күйге түскенсің? Сені осындай халде көремін деп кім ойлаған... Қалай жүдеп кеткенсің?! - деп көрпенің сыртынан құшақтаған күйі екі иіні селкілдеп еңіреп жіберді* (Қ.Жұмаділов). Соңғы сөйлемдегі *еңіре* етістігінің семантикалық құрамында қимылдың жасалу дәрежесінің (градация) жоғарылығын көрсететін сема бар.

• СӨЙЛЕУ етістіктерімен *жібер* етістігінің тіркесімділігі тілде сирек ұшырасады. Дегенмен бұл топтағы етістіктердің ішінде *айт*, *хабарла*, *бақыр*, *айғайла* етістіктерімен семантикалық байланысқа түсе алады. Соңғы екі етістік, яғни *айғайла* және *бақыр* сөздері эмоциямен де тікелей байланысты. Мәселен, *бақыр* сөзінің семантикалық құрамында «бірден, күтпеген жерден жасалатын әрекет» семасы бар. Осы сема арқылы *бақыр* сөзі *жібер* етістігімен тіркеседі. Сондай-ақ, *бақыр* етістігі каузативті болып табылады және бұл да қимылдың бірден жасалуына өз әсерін тигізеді: *Оң жаққа бақан құрып ап безілдеп жатқан келіншек үсті-басы сұп-сұр боп бір топ еркек сау етіп кіріп келгенде, жүрегі ұшып кетіп, бақырып жіберді* (Ә.Кекілбаев). Ал *айғайлау* әрекеті де негізінен бірден, қарқынды жасалуды қажет ететін қимыл болып табылады, сондықтан да *жібер* етістігімен тіркесе алады: *- Сен кінәлісің... сен... сен - деп Ақбала ішін өртеген ызаны тежсей алмай, кенет айғайлап жіберді* (Ә.Нұрпейісов).

• ҚОЗҒАЛУ етістіктерімен негізінен тіркеспейді. Дегенмен тілдік деректерге қарасақ, *жібер* етістігінің *дөңгелет*, *ұшыр* сөздерімен байланыста айтылатындығы байқалды. Мысалы: *Сонан соң тағы да бұйырғанын көре жатармын, - деп бос қалған шөлмекті есікке қарай дөңгелетіп жіберді Майлыбас* (С.Адамбеков). *Дөңгелет* – етістігінің семантикалық құрамы мынадай семалардан тұрады: 1) орнынан қозғау; 2) бағытсыз; 3) субъектінің қатысуымен жүзеге асады; 4) жасалу темпі бейтарап. Бұл етістікті *жібер* сөзімен байланыстырып тұрған сема «жөнелту», яғни орнынан қозғау. «Орнынан қозғау» семасы екінші денотатив мағына болып табылады. *Ұшыр* етістігінің мағыналық құрамы: 1) әуедегі қозғалыс; 2) бағытсыз; 3) субъектінің қатысуымен болатын әрекет; 4) жасалу темпі бейтарап; 5) әуеге жіберу, қоя беру. Осы семалардың ішіндегі соңғы «босату, еркіне жіберу» семасы *жібер* етістігінің мағыналық құрамында да бар. Екі сөз осы сема арқылы өзара байланысқа түскен. Сөйтіп, *ұшыр* етістігі мен *жібер* етістігі тіркесіп, көмекші етістік жетекші етістік арқылы берілетін қимылдың тез жасалуын емес, нәтижелілігін білдіретін мағына үстеген. Мысалы: *Кентерді іштей қанша қимаса да, аяғы жазылған соң өз әлеміне, өз мекеніне бару керектігін сезініп ұшырып жіберді* («Қазақ әңгімелері»).

• ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС етістіктері заттардың немесе адамдардың арасындағы түрлі қатынастарды білдіретіндіктен оларды үшке ажыратып қарауға болады: 1) адам мен адам арасындағы қатынасты білдіретін етістіктер; 2) зат пен адам арасындағы қатынасты білдіретін етістіктер; 3) зат пен зат арасындағы қатынасты көрсетуде қолданылатын етістіктер. Осы үш топтың біріншісі адам мен адам арасындағы қатынастарды білдіруде қолданылатын етістіктермен *жібер* етістігі тіркеспейді. Өйткені адамдар арасында болатын сыйластық, амандасу, құрмет көрсету секілді т.б. процестермен байланысты әрекеттердің абстрактылану дәрежесі жоғары болып келеді, сонымен байланысты бұл топтағы етістіктерге созылыңқылық сипат тән. Ал бұл созылыңқы әрекет *жібер* етістігі білдіретін тез жасалу қимылына қарама-қарсы болып келеді де, олардың өзара тіркесуіне жол бермейді. Тілдік деректерге сүйенсек, *жібер* етістігі қарым-қатынас етістіктерінің екінші және үшінші тобымен тіркесіп, оларға қимылдың тез жасалу мағынасын емес, қимылдың нәтижелілігін білдіретін мағына үстейтіндігін көрсетті. Мысалы: *Барлық сымды қосып жіберіп, тыңдап тына қалды* (Ғ.Мүсірепов); *Сұлтанның идеясы мені қызықтырып жіберді* (Б.Соқпақбаев).


Түйін. Біріншіден, *жібер* көмекшілік қызметте келіп, жетекші етістіктің -ып/-іп, -п тұлғада келуін талап етеді. Өйткені, -ып/-іп, -п тұлғасы - бірден созымсыз жасалған әрекетті білдіретін көсемшенің үнемді түрі. Оның бұл мағынасына *жібер* етістігінің көмекшілік қызметтегі мағынасымен үйлес келеді. Себебі *жібер* етістігі де көмекшілік қызметте келгенде тез, бірден жасалатын әрекет мәнін білдіреді.

Екіншіден, *жібер* көмекшілік қызметте етістіктің барлық лексика-семантикалық топтарымен тіркесе бермейді. Нақты айтқанда мына лексика-семантикалық топтармен тіркеспейді: қозғалу етістіктері; сезіну етістіктері; ойлау етістіктері; субъективті етістіктер; табиғат құбылыстарымен

байланысты етістіктер; дыбыс-сес етістіктер; өсіп-өну етістіктері; қалып-сапа етістіктері; эмоционалды етістіктер; қарым-қатынас етістіктері.

Үшіншіден, аспектуалды семантиканың қандай түрлерін жасайды деген мәселеге келсек, көмекшілік қызметте *жібер* жетекші етістік арқылы берілетін қимылдың тез, бірден қарқынмен жасалатындығын білдіретін мағына және кейбір етістіктермен тіркескенде нәтижелі әрекет мәнін үстейді.

Төртіншіден, *жібер* етістігінің лексикалық мағына құрамындағы жөнелту (қозғалыс) және еркіне жіберу семалары кейбір етістіктермен тіркесіп келгенде сақталады және олардың өзара тіркесуіне осы семалар негіз болады. Сызба арқылы былайша көрсетуге болады:



Бесіншіден, жетекші етістік пен *жібер* етістігінің тіркесуі негізінен екі семаға негізделеді: «жасалу темпі тез қимыл» және «жасалу темпіне қатысты бейтарап қимыл» семалары. Алдыңғы сема *жібер* етістігінің көмекшілік қызметтегі негізгі мағынасы болып табылады. Ал екінші сема бойынша айқындалатын етістіктер осы семасы негізінде көмекші етістікпен тіркеседі, олардың тіркесуіне «жасалу темпі бейтарап».

Әдебиеттер:  
Қазақ тілінің 10 томдық түсіндірме сөздігі. Алматы, 1974-1986.

#### РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается валентность казахского глагола *жібер*.

#### Özet

Bu makalede Kazak dilindeki *jiber* fiilinin diğer fiillerle kullanımı anlatılmıştır.

#### Summary

This article considers the valency of the Kazakh verb 'zhiber' (*жібер*).

\*\*\*\*\*

*Отанға, ұлтқа, қызмет ету мәнсапты яки бай адамдарға гана міндетті емес. Ниеті, ықыласы дұрыс болса, жәй орташа адамдар да Отанға қызмет ете алады. Әр кісінің өзіне тиісті борышы бар. Әркім шамасы жеткенше қолынан келген істі атқарса болады. Жәй адамдар өз міндеттерін адал атқарса, ол күрделі, ұлы істердің бітуіне үлкен септігін тигізген болар еді.*

*Ғұмар Қараш*

\*\*\*\*\*